

символика және математикалық комбинаториканың тәсілдері негізінде, баршаға түсінікті әрі әмбебап жасанды тілді жасау туралы идея да ұсынылған еді. Бірақ философтардың мұндай ізденістері табиғи тілдің болмысын ашпайды. Өйткені тіл логиканы, математиканы дамытатын көмекші құрал ретінде зерттелді.

Ғылыми әдебиетте тілдің онтологиясына, тілдің философиялық мәселелерге арналған зерттеулерге қарап, тілдің табиғаты танылып, зерттелген дей алмаймыз. Ғалымдар тілдердің табиғаты мен дамуы туралы әрқилы пікір айтады. Сондай-ақ тілдің болмысын нақты тіл деректерін пайдаланып айқындаған, бірізді әрі қисынды тілдік тұжырым жасаған еңбекті кездестіре алмаймыз. Батыс тіл білімінде тілдердің туыстығы туралы жасалған тұжырымның еуроцентристік ықпалы болғаны белгілі. Түркі тілінің шыққан тегі мен туыстығы әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Тіл хикметі тіл жүйесінің қисындық және абстрактылық сипатын анықтағанда, ол мынадай шарттарды ұстанады: тілдің белгілі жүйесі бар және ол тілдің дамуындағы тарихи кезеңдерді шартты түрде ғана белгілей алады. Тілдің қалыптасуына белгілі бір дүниетанымның немесе діни ілімнің ерекше әсері болады деген пікір негізсіз болып шығады. Сондай-ақ, тілдің табиғатын тек қана фонетикалық деректерден іздеу де зерттеушіні дыбыстық “фетишизмге” ұрындырары анық. Фонетикалық өзгерістің табиғатын тілдік жүйенің мағыналық, концептологиялық, типологиялық және семиотикалық қырларымен байланыста қараған дұрыс әрі нәтижелі болар еді. Қазақ тіл білімі үшін тілдің хикметін зерттеу әзірше жаңа сала болып табылады, өйткені түркі тілтанымында тіл болмысын мағыналық-таңбалық тұрғыда зерттеген ғалымдар өте аз.

Алғашқы қауым тілін анықтауға талпынған “ым тілі”, “дыбысқа еліктеу”, “еңбек”, “қоғамдық келісім” т.б. болжамдар негізінен фонологиялық сипатта болып, тілдің тамырын тым әріден іздеуге болмайтынын көрсетіп берді. Өйткені аталған ілімдер нақтылы тілдік деректермен тексеруге келмейді. Ал тілдік онтология болса сана мен тілдің арақатынасын, тілдің дамуындағы әлеумет пен психиканың қызметін, грамматикалық категориялардың пайда болуын, тілдердің типологиясы сияқты күрделі мәселелерді қарастыруы тиіс. Тіл алдына ала белгілі шартқа бағына ма, әлде өздігінен дамыды ма? Бүгінгі тілдер қай кезеңнен бастап қалыпқа түсе бастады? Тілдің дамуына саналы ойдың жемісі болып табылатын таңбаның, жалпы жазу мәдениетінің ықпалы болуы мүмкін бе? деген мәселелер өз шешімін күтуде.

Адамның сана-сезіміндегі абстрактылық бейнелердің тілде көрініс табатыны белгілі жағдай. Ежелгі грек даналарынан басталған

алғашқы тұжырымдар тілдің пайда болуын қоршаған ортаға еліктеумен байланыстырады. Әрине мұндай түсініктер тілдің дыбыстық табиғатына негізделді. Қазіргі тіл білімі болса адам санасындағы абстрактылық (дерексіз) құбылыстардың маңызын жоққа шығармаса да, сол ежелгі түсініктен аса көп ұзамаған сияқты. Бұл жерде адамның алдымен дыбыстау қабілетіне ие болғаны дау тудырмаса керек. Дегенмен де тілдің табиғатын дыбыстық тілден, яғни дыбыстық өзгерістер негізінде анықтау күткен нәтиже бермегенін мойындауға тура келеді. Сондықтан, тілдің табиғатын символдық, таңбалық кезеңнен бастап зерттеу дұрыс. Сонда ғана қазіргі тілдердің жүйелі құрылысын ежелден қалыптасқан әрі жазу мәдениетінің негзін қалаған таңбалар арқылы қайшылықсыз түсіндіру мүмкін болады. Осы аталған кезеңнен бұрын қалыптасып үлгерген мол тілдік қабатты жоққа шығаруға да болмас. Дегенмен де символдық концептердің, яғни белгілі бір абстрактылы идеяның тұғыры (матрицасы) болып табылатын таңбаның қызметі түркологияда да, жалпы әлемдік лингвистикада да күрделі әрі қызықты мәселенің екенін ескеру қажет.

Идеяның, бейненің, ұғымның қашанда ілгері тұруы заңды. Қайсыбір идея бүкіл тіл болмысын анықтауы мүмкін бе? – деген сауалға жауап қайтару үшін, алдымен сол идеяның материалдық көрінісі болып табылатын таңбаның ықпалын анықтау қажет. Бұл жағдай тілдің таңбалық-мағыналық мазмұнында айқын көрініс тапқан. Күрделі философиялық мәселе ретінде тілдің болмысы тілдің пайда болуымен (онтологиясымен) тығыз байланыста қарастырылады. Өйткені, тіл – адамзатқа берілген ортақ әрі ерекше ноосфералық құбылыс. Тіл құбылыстарын таңбалық, мағыналық, типологиялық негізде қарауымызға тілдің болмысын өзгеше пайымдауымыз себеп болды. Кез келген тілді басқа тілдерден ерекшелеп тұратын нақты сипаттар бар. Сол нақты деректер ғана мәселенің дұрыс пайымдалуының өлшемі бола алады.

Қазіргі тіл білімінде тіл мен ойдың арақатынасы туралы мәселе ХІХ ғ. қалыптасқан ілімдер негізінде пайымдалып жүр. В. фон Гумбольдт еңбектерінде айтылатын тілдің әмбебап, типологиялық және психофизиологиялық сипаты мен тілдің ішкі формасы туралы ойлар айтылған. Оларды қазіргі кезде кез келген тілдік зерттеуде кездестіре аламыз. Тілдің онтологиясы мен тіл білімінің методологиялық мәселелері, яғни зерттеудің танымдық және теориялық принциптері тіл білімінің философиялық мәселелерінің екі негізгі бағыттары ретінде қарастырылады. Онда адам баласының абстрактылық ой тую қабілеті санада ұғым қалыптастырса, тілдік белгі

– сол ұғымды жеткізуші. Бұл жерде “белгі” (знак) - әлеуметтік бағыттың өкілдерінің бірі Фердинанд де Соссюрдің (одан ертеректе белгі туралы неміс ғалымы В. фон Гумбольдт та айтып кеткен) тілді белгілер жүйесі ретінде қарастыратын “тілдегі белгілер теориясындағы” сөздің жалпы түсінігіне сай келетін абстрактылық қолданыстағы термин. Әуелде белгі (знак) – ойлау мен тілдің арақатынасын білдіретін билатеральды (ұғым мен дыбыстан тұратын) құрылым ретінде танылса, кейін оның құрамында үш не одан да көп (синтаксистік, прагматикалық) бөліктер табылып жатты. Дыбыс сөздің материалдық көрінісі, белгінің жамылғышы, өз кезегінде сөз (белгі) – ұғымға тәуелді әрі сол ұғымның бейнесі.

Дәстүрлі тіл білімі белгінің дыбысталуын ұғымның акустикалық (дыбыстық) бейнесі ретінде түсіндіреді. Яғни, дыбыстық жамылғыш дегеніміз – белгінің айтылуы. Осы “дыбыстық жамылғышты”, яғни сөздің фонетикалық қырын зерттеумен – фонетика, морфология, фонемика, морфемика, морфонология т.б. салалар айналысады. Олар сөздің өзегін құрайтын “мағыналық жамылғышқа”, яғни ұғымның (түсініктің, мағынаның, концептің) табиғатына, оның қызметіне назар аудармайтыны белгілі. Біздіңше, жоғарыда аталған екі “жамылғыштан” өзге, сөздің “графикалық жамылғышы” да болады. Оны абстрактылық-символдық концептің бейнесі ретінде де анықтауға болады. Ф. Де Соссюр ұсынған “тілдің белгілер теориясы” – тілдердің грамматикалық ерекшеліктерінен гөрі, тілдің абстрактылық түсінігіне мән беріп, ұғымның маңыздылығын мойындайды Сонымен қатар, бұл теориядағы “белгінің кездейсоқтығы” да әрқалай түсініліп жүр. Біздің ұсынатын “мағыналық концептердің” табиғатына кездейсоқтық жат, керісінше, оларды тіл болмысын анықтай алатын табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың айнасы деуге болады. Мағыналық концепт негізінде тілдің табиғатын тану тіл біліміндегі көптеген мәселелердің шешілуіне септігін тигізері сөзсіз. Өйткені идеяны не ұғымды ескермейтін тілдік таңбаның кездейсоқ пайда болуы, тілдің жүйелілігіне қайшы келеді. Алайда Соссюрдің “белгінің ерекшеліктері тек белгінің табиғатына ғана тән” деуі, тілдің абстрактілік-символдық табиғаты тұрғысынан, негізінен, дұрыс айтылған пікір еді. Белгінің “кездейсоқ” болып көрінуі дыбыстардың табиғаты мен олардың өзгеріске түсуіне байланысты айтылса керек.

Мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде тіл мәдени, тәрбиелік, араласу, сана-сезімді қалыптастыру, ойды жетілдіру, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру сияқты көптеген қызметтерді атқарып тұратын аса күрделі жүйе. Бүгінгі тіл ғылымындағы тілдің табиғаты

туралы тұжырымдамалар, негізінен, “тілдің белгілік теориясына” сай жасалады. Олар тілдің күрделі жүйе екенін толық мойындауымен қатар, тілдің белгілік сипаты туралы әр түрлі пікір танытады. Белгі – тіл бірлігінің материалдық қыры деп танылды, сондай-ақ зат пен белгі арасындағы байланыстың шарттылығы да мойындалады. Бұл санадағы заттың бейнесінің нақты айқындалмауынан. Ғылыми лексиконға “семиотика” термині Соссюрдің тілдердің жүйелілігі туралы қағидасынан кейін барып енді. Тілдік семиотика белгілерді лингвистикалық тәсілдерді қолдана отырып зерттейді. Сондай-ақ, таңба логика, психология, эстетика т.б. пәндерде де зерттеліп жүр. Құрылымдық лингвистика тілдік жүйені сипаттау тәсілін қолдана отырып, тілдің көптеген үлгілерін анықтайды. Бірақ тілдің тұрақты қалпын қарастырғандықтан, тілдің дамуы (тарихы) зерттеуден тыс қалады. Сондай-ақ тілді тек қана сипаттауға болады деген көзқарас қалыптасқан еді. Соссюрдің болжамынан кейін, тілдің “ішкі жүйесі” зерттеле бастайды. “Тіл белгілерінің жүйесі”, тілдің дамуы мен қызметін басқарып тұратын заңдылықтар анықталмаған соң, Соссюрдің “тіл жүйесі өзіндік тәртіпке бағынатын тілдік жүйе болмайды” деген қарама-қарсы пікірді де алға тартқан. Әрине, бұл жерде Соссюрдің “тіл жүйесі өзіндік тәртіпке ғана бағынады” деген қағидасы “тілден тыс (экстралингвистикалық) факторды”, яғни адам ролін жоққа шығару болып көрінуі мүмкін. Тілдің белгілі жүйесі мен құрылымы болатындықтан, оның белгілі бір тәртіпке не заңдылыққа бағынуы қисынды. Ельмслев болса тілді “таза схема не форма” ретінде түсіндірді. Оның глоссемантикалық теориясы бойынша, грамматикалық категориялар арқылы көрініс табатын тілдік абстракция мен болмыс арасында ешқандай байланыс болмайды екен. “Тілдік форманың мәні тілдің алгебралық табиғатына байланысты, сондықтан оның табиғи белгісі болмайды. Сондықтан да ол әр түрлі тәсілдердің көмегімен таңбалануы мүмкін. Мұндай таңбалаудың тілдік схемаларға қатысы болмайды” және “тілдік теорияның негізгі міндеті – тілдің құрылымдық принципін анықтау. Кейін сол принцип негізінде тілдердің типологиясы жасалуы мүмкін”. Бұл жерде ол тілдердің нақты және табиғи көрінісінен тыс виртуальды нәтижелер де болуы мүмкін деп жұмбақтап ескертіп кетеді. Нақты деректермен дәлелденбеген соң, оның бұл ұсынысы болжам күйінде қалып қойды. Ельмслев ілімінің бұл тұсын Канттың әйгілі “трансценденциясымен” салыстыруға болады. Ельмслев тұжырымында, тіл – адамның ой-санасын қамтитын семиологиялық “форма, схема, модель (үлгі)”. Оның тілдік

парадигмасы: “әмбебап логикалық константа” деген түсінік арқылы кез келген тілдік материалда болады. Сондықтан бұл “тілдік модельді” логика-философиялық, яғни тілдік материяға тәуелсіз жүйе ретінде қабылдаған дұрыс.

Біздіңше, Ельмслев Ф. Де Соссюрдің белгілер теориясындағы кейбір кемшіліктерді аңғарған сияқты. Мысалы, ол тілді “белгілер жүйесі” ретінде танып, Соссюрдің тілдің дамуы мен қызметіндегі заңдылықтарды елемегенін сынға алды. Оның өзі ұсынған “тілдің таза алгебралық, құрылымдық, абстрактылық формасы (моделі)” туралы тұжырымы нақты тілдің табиғатына сай келмеді. Оның ілімі – формальды математика-логикалық, дедукциялық жолмен жасалып, тілдік деректермен дәлелденбеген аксиома түрінде ұсынылды.

Таңбаға (тілдік белгіге) берілген анықтамаларда таңба әрқалай түсіндіріліп жүр. Кейбір тілшілер тілдің логикалық құрылымын мойындамайтыны да белгілі. Дыбыстың табиғатын ашпай отырып, тілдің табиғаты мен тіл жүйесінің мағыналық қырын зерттеу – дыбыстық фетишизмге алып баратын төте жол. Тіл – дыбыстардың кездейсоқ комбинациясы немесе тек ойлаудың жемісі ғана емес, ол – үнемі дамуда болатын жүйелі құбылыс. Сонымен қатар бұл жүйе тілдік элементтердің табиғаты мен қасиеттерінен, тілдің жүйелілігінен туындайтын заңдылықтарға ғана бағынады. Бірақ, тілдің үнемі дамуы тілдің спорадикалық табиғатын танытпаса керек. Тілдің дамуын негіздеп тұрған тілдегі ұғымдық категориялар, мағыналық концепттер мен таңбалар. Адамзат тарихында ежелгі алфавиттердің саны көп болғанымен, олардың құрылысында ортақ принциптер сақталып отырған. Ол кездейсоқ таңбалардың кірігуіне де тосқауыл болған. Тілдік жүйені жасау белгісіз сана иесінің қолынан ғана келген. Генетика мен биохимия тіршілік негізінде жатқан хромосомаларды анықтады. Генетикалық материалдың белгілі бір тәртіппен орналасуы негізгі төрт молекулаға тәуелді екен. ДНК бөлігі – ген аталса, геном организмінің бүкіл генетикалық информациясын сақтап тұрады. Осындай генетикалық ақпаратты төрт-ақ молекуланың комбинациясы анықтап тұрады екен. Оны белгілі бір алфавиттік жүйе ретінде де тануға болар еді. Сипаттамалы, синхронды принцип тұрғысынан алғанда, әуелгі тілдік жағдайдың сипатын анықтау мүмкін болмайтыны сөзсіз. Бұдан, әрине, әуелгі адамзат тілі хаостан пайда болып, жүйелілікке бірте-бірте өтуін мойындауымызға тура келетін сияқты. Ал хаостан пайда болатын жүйені тек синергетикалық негізде сипаттауға болады. Бірақ тілдік деректерге сүйенетін тарихи-

салыстырмалы принцип, тілдің дамуын анықтап тұратын тілдік элементтердің белгілі бір қасиеттерін анықтады. Мұндай элементтер тілдік жүйенің құрылысын сақтап тұрады. Сондықтан, тілдің пайда болуын немесе дамуын түсіндіруге қауқарсыз ілімге арқа сүйеп, тілді кездейсоқ құбылыс деп танитын көзқараста қисын жоқ.

Тілдік элементке әрі қарай бөлшектеуге келмейтін морфема мен тұтас сөз жатады [1]. Бұл – тіл білімінің аксиомасы. Бірақ, сол элементтер мен олардың қасиеттерін талдағанда көптеген сауалдарға жолығамыз. Ең бастысы, фонеманы морфеманың мағына айырушы бөлшегі ретінде білуіміз дұрыс па? Теория бойынша, ол мағынаны жеткізуге араласпай, тек материал ретінде пайдаға асады. Фонема туралы пікір көп. Ельмслев тілді жүйе ретінде алып, фонеманың дыбыстық және мағыналық құрылымын таңба деп атап, тілдің математикалық моделін ұсынғаны белгілі. Тіл білімінде фонема қалай анықталып жүр? Кейбір лингвистер оған дыбыстың мағыналық қызметі тән деп есептейді [2]. Және ондай қызмет мағына арқылы дыбыстық субстанцияны қалыптастырады екен [3]. Осы субстанцияның мағыналық қызметті де атқаруы мүмкін. Бұлар фонеманың модельдік (үлгілік) сипаты болып табылады. Жалпы фонема туралы түсінік фонетиканың дамуын тежеп келді деген пікірдің жаны бар. Бір кезде фонетикаға фонема терминін енгізудің өз қисыны болды, бірақ мағыналық рең тағуға болмайтынын уақыт дәлелдеп берді. Сондықтан табиғи дыбысқа, яғни артикуляциялық айтылымға негізделген фоноэлементтен ерекше семантикалық қыр іздеу нәтижелі болмасы анық.

Фонетикалық өзгерістің табиғатын онтологиямен, мағынаның дамуымен байланыста қарау үшін танымға ерекше назар бөліну тиіс еді. Буындық деңгейдегі дыбыс жіктелістері мен алмасулардың (сәйкесулердің) де өз қисындары болатынын анықтауға талпынған соңғы зерттеуде дыбыстық сәйкесудің табиғаты белгілі бір “код” негізінде жүзеге асуы мүмкін деген жорамал айтылды [4].


Тілдің таңбалық сипаты таңбаның мағыналық және формалық сипатына негізделеді деген пікір айтамыз. Қазіргі алфавиттік жүйедегі дыбыстар әріп арқылы беріліп жүр, ал өз кезегінде сол әріптер белгілі бір дыбысты не сөзді таңбалау үшін жұмсалады. Алфавиттегі кез келген әріптің өзіндік даму жолы әуелгі пиктографиялық жазудағы суреттен басталады. Сондықтан, бүгінгі таңбалардың әріптік күйіне қарап, олар тілдің дамуында маңызды роль атқарған деген болжам жасауға болады. Дәуірлердің қатпарындағы ежелгі замандарда таңба абстрактылық ұғымға ие болса керек. Өз кезегінде ондай ұғым белгілі

бір нақты затпен байланысты болады, яғни таңба мен ұғым арасында тікелей байланыс болған. Әрине, таңбалардың бір ғана нақты дыбысталуы шарт болмаған, бірақ оның әуелгі дыбыстық үлгісін көптеген тілдердегі ортақ сөздерден анықтауға болады. Міне, осы “зат – ұғым – таңба – сөз” деген төрт элементтің өзара байланысы – тіл хикметінің қарастыратын негізгі мәселесі. Күрделі табиғаты мен құрылысы бар таңбалар өз қасиеттерін тіл жүйесінде сақтап отырған екен. Таңбалардың әмбебап қасиеттері тілдің жүйелі құрылымға айналуына негізгі себеп болуы мүмкін, ал біз болсақ тілдің таңбалық табиғаты мен сипатына мән бермей дұрыс бағаламай жүрген сияқтымыз. Сондықтан заттың, ұғымның және таңбаның сипаты мен өзара ықпалын, сондай-ақ олардың тілдегі көріністерін терең зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ломтев Т.П. Общее и русское языкознание, 1976. С. 113.
2. Мигирин В.Н. Гносеологические проблемы знаковой теории языка, фонологии и грамматики. Кишинев, 1978. С. 58.
3. Гоготишвили Л.А. Опыт построения теории употребления языка. АКД, М., 1984.
4. Салкынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Алматы. Қазақ университеті. 1999.

[2] МЖ-да "толқын" 3) ММ және ЖБ-да "толқу" мағынасында) қолданылған. ҚҚТ-інде "бұ" түбірінен туындайтын 12 сөз бар. Олар:



Морфемалық тұрғыдан келгенде, бәріне ортақ түбір -"бұ", әуелгі өлі жұрнақ - л, II сатыдағы етістік тудырушы жұрнақтың алғашқысы - а болса, екінші ҚҚТ-індегі - ла ауыстырған етістік тудырушы жұрнақ л + ға. Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиевалар -л қимыл-әрекеттердің бірнеше қайталануын білдіретін аффикстермен тіркесіп қызмет еткен, -ла//-лә-л және а аффикстерінің бірігуінен пайда болған, - ла алғашқыда көптікті жинақтайтын аффикс қызметін атқарған дегенді айтады. III сатыдағы сөз тудырушы морфемалар: 1) зат есім тудырушы - қ (бұла+қ), - қ (бұлға+қ), -н (бұ-л+а-н), IV сатыдағы 1) тұйық етістік тудырушы - у (бұла+у,) 2) басқа сөз таптарынан етістік тудырушы жұрнақтардың тарихи тұрғыдан соңғысы – та жұрнағы (бұ-л+а-н+да, бұ+л+ға+қ+та). Семалық тұрғыдан алғанда "булға" етістігінің жалпы мағынасы "араластыру, қозғау", "бұлғақ" зат есімнің түпкі мағынасы "толқын", "тынышсыздану", ҚҚТ-індегі "бұ" түбірінен жасалған туынды етістік, зат есім, сын есімдердің 30 мағынасы да қозғалу, араласу, толқумен тікелей байланысты құбылыстар. Олардың арасындағы байланыстар түбір сөздің лексикалық мағынасының қосымшалар жалғану арқылы пайда болған лексикалық-грамматикалық мағынасының қосымшалар жалғану арқылы пайда болған лексикалық-грамматикалық мағыналары арқылы айқындалады...

Б ә д (бат, бет, бад) түбірлі сөздер араб, парсы, соғды, түркі тілдерінің барлығында кездеседі.

Араб тіліндегі бәдих сөзі «шөл дала», бәдәл сөзі «өтірік, жалған», бәден сөзі «дене» деген мағыналарда қолданылады.

Парсы тілдерінде бәддар сөзі «шыдамдылық, табандылық», бәди сөзі «бәле, жамандық, зұлымдық», бәд сөзі «жаман» [6:478], бәднам, бәддұға деген сөздердің құрамында тұрып, «жаман, нашар» [7:46], бетпак (бәд+бак) сөзінің 1) «бақытсыз», 2) ауысп. «қарабет, оңбаған арсыз» [7:46] деген мағыналарда кездеседі.

Соғды тіліндегі бәдір сөзі 1) «ыдыс» (ҰЗҚ,Рах) 2) «будда монахының ыдысы» (ҰЗҚ) 3) «ыдыстық өлшем» (ҰЗҚ) деген мағыналарда жұмсалады.

Түркі жазба ескерткіштерінде бәдиз «оюмен, бедермен безендіру» (КТ, БК, ҰЖ), бәдән (ар.) «дене» (ҚТА), бәдизчи «ағаш оюшы, тас қашаушы шебер» (КТ, ҰЗҚ), бәдәл (ар) «өтірік, жалған» (АИ), бәди (пар) «бәле, жамандық, зұлымдық» (АИ), бәдиз «ою, бедер» (ОЕ, ЕЕ), «сурет, бейне» (СЦ), «ескерткіш» (ЕЕ), «әдемі, сымбатты» (Той), бәдір «ыдыс» (ҰЗҚ, Рах), «будда монахының ыдысы» (ҰЗҚ), «ыдыстық өлшем» (ҰЗҚ), бәд (пар.) «жаман, зұлым» (АИ) деген мағыналарда қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде «иран тілінен» деген белгімен бәдарлық «шыдамдылық, табандылық», бәддұға «теріс бата», бәден диалектілік «көрік, шырай, өң, бет-ажар», бәденді «көрікті, ренді, ажарлы» [8: 182], бәдиз «тас мүсін» [8:183], бәдік «айналма ауру», «ауруды қууға арналған өлең, айтыс», «жынды, тентек, есуас», ауысп. «мылжың, бос сөз» [8:183], бада бол «жок бол, құры», бадал «жоғалу, құру» [8:18], бедірей «сазару, тесірею», «мелшию, міз бақпау» [8:207] деген мағыналарда және «бәдерене пәлет» деген балағаттауда, «бармасан, бадал» деген қарғыс сөздерде, бада «тас мүсін, сынтас, балбал» [9;10] деген мағыналарда қолданылады.

Күлтегіндегі «теріс қылық, жаман» деген мағынадағы «бад» сөзін түрколог Ф.Айдаров соғды тілінен ауысқан деген пікірді ұстанады. Н.Ондасыновтың пікірі жоғарыда сілтеме жасалған сөздігінде «бетпак» сөзінің өзін бәд және бак деген сөздерден бірігіп жасалған парсының сөзі дегенге саяды.

Түрлі жүйедегі гетерогенді тілдердегі бірде гетерогенді омоним, бірде гомогенді омоним «бәд» түбірінің түп-төркінін морфемалық құрылысы, семемалық мазмұнына қарай талдап көрелік:

Түбір сөз	Тілдік қатысы	Түбір сөз мағынасы	Туынды сөз	Туынды сөз мағынасы
Бәд (бат, бад, бед бет)	Парсы (ир.)	Жаман, зұлым	Бәдарлық Бәди Бәддұға Бетпак	Шыдам, төзім (ҚҚТ) Б□ле, жаманды□, з□лымды□ (АЙ) Теріс бата (ҚҚТ) 1. Бақытсыз. 2. А. Қарабет, оңбаған, арсыз